



# Ертіс

Сәуір 2000 №7-8

# Диддары

1999- жылғы желтоқсанның 30-нан бастап шығатын Павлодар облыстық газеті

## Комиссия іске кіріскенімен...

Жуырда облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы жанынан құрылған оқушылардың мемлекеттік тіл білімінің деңгейіне және мұғалімдердің сапалық құрамына бақылау жасайтын комиссия облыс орталығы мен аудандардағы мекемелердің "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңның орындалуы және "Алтын тіл" бағдарламасының жүзеге асырылуы барысындағы жұмыстарын тексерді. Солардың бірді-екілісін қоспағанда жалпы жағдай қанағаттанғысыз деуге болады. Сырт көзге жұмыс көп: аудармашылар, кабинеттер, компьютерлер де бар. Ал жіті көзбен нақтылы қарағанда жүйелі түрде жүргізіліп, нәтиже берген істер жоқтың қасы. Тексеру жүргізілген мекемелердің тең жартысында іс қағаздары әлі күнге дейін орыс тілінде жүргізіледі. Мемлекеттік тілде толтырылған бірлі-жарым құжаттардың өзі әрі қарай жалғасын таппай, "папкаға" тігілген қалпында қала берген. Бұл мекемелерде "жоғарыдан" түсетін іс қағаздардың бәрі де орыс тілінде хатталған көрінеді. Демек, "алдыңғы доңғалақ қалай жүрсе, соңғысы да солай жүредінің" кері болғаны бар. Аталған Заңның 9-бабында "Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін" делінген. Міне, атқарылуға тиісті істер "тайға таңба басқандай" апанық көрсетілген. Мекеме басшыларынан осыны көре-біле тұра неге орындамайсыздар? - деп сұрағанымызда, алып-қашты, жалпылама жауап беріп шығарып салғылары келеді.

"Алтын тіл" бағдарламасына сәйкес облыстық әскери комиссариат іс жүргізуді ресми түрде мемлекеттік тілге өткен жылы көшіруге тиісті еді. Баянауыл Лебязкі, Май аудандарының өзінде де іс қағаздары әлі күнге дейін орыс тілінде жүргізіледі. Үстіміздегі жылдың сәуір айының соңында комиссия мүшелері Железинка, Ертіс аудандары әкімшіліктерінің мемлекетіміздің тіл саясатын жүзеге асырудағы іс-шараларымен танысқан болатын. Онда басты назар жалпы білім беретін мекемелерде қазақ тілін оқыту мәселелеріне аударылды. Тексеру барысында көптеген келенсіз жайттардың беті ашылып, оның қортындысы тіл мәселелері жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесінің алқа отырысында қаралды. Мәжілісті облыс әкімі F. Жақиянов мырза жүргізіп, онда облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, білім және мәдениет департаменттері бастықтары, облыстық тілдерді дамыту Қорының атқарушы директоры есепті баяндама жасады. Нәтижесінде "Алтын тіл" бағдарламасына толықтырулар енгізіліп, облыс әкімінің атқарушы органдарға тапсырмалары белгіленді. Осындай ауқымды істердің басы-қасында облыс әкімінің өзі жүріп үлгі көрсетуі басқа әкімдер мен шенеуніктерге де ой салары хақ. Осыған орай "Ертіс дидарының" 6-санындағы облыстық тілдерді дамыту Қорының атқарушы директоры Қ. Шәкәрімовтың "Ашық хатына" Павлодар қаласының әкімі Н. И. Чмықтың берген жауабы еске оралады. "Мемлекеттік тілді білмегені үшін алдымен қазақтар ұялуы керек" деген еді ол. Бірақ сол "ұялу кезеңі" қашан аяқталады? Қазақ болып, орыс болып, өзге де ұлт өкілдері болып мемлекеттік тілді игеру керек болар. Бұл жөнінде басқа әкімдер не ойлайды екен? Екібастұздық бір тіл жанашыры "Біздің өкімге де ашық хат жазу керек" деген еді. Тегі, бұл қаланың әкімі "Ашық хатты" оқымаған болар.

Жалпы алғанда қазіргі уақытта "қазақ қазақпен қазақша сөйлессін" деген қағиданы берік ұстанып, ал өзге ұлт өкілдерінен "қазақшаңыз қалай?" деп жиірек сұрап, осы бағытта іс-шаралар атқарғанымыз нәтижелі болады-ау деген ой бар. Енді "Қазақ тілі" қоғамының облыстық ұйымының жұмысына келер болсақ, құрылғанына 12 жыл болған ұйымның қазіргі жағдайы мүшкіл. Оның аудан, қалалардағы бөлімшелері тек қағаз жүзінде қалған. Ал бастауыш ұйымдар жоқтың қасы. Кезінде қоғамның бөлімшелерін жергілікті әкімшіліктер қаржыландырып отырған. Қазір жағдай мүлде басқаша. Өгей баланың күнін кешіп қалған қоғамды аяғынан тік қою үшін оны қаржыландыру мәселесін шешу керек. Қаржы болмай нәтижелі жұмыс болуы да мүмкін емес.

Әрбір елді мекендерде іске жастарды да тарту қажет. Сол жерлерде қоғамның бастауыш ұйымдары қайта құрылып, олардың жұмыстары аудан орталығындағы ұйымдар арқылы үйлестіріліп отырса қыруар жұмыс тындыруға болар еді.

Үстіміздегі жылдан бастап мемлекет тарапынан тілдерді дамытуға 10 жылға арналған жұмыс бағдарламасы бекітілді. Осы құжаттың 6-бабында аймақтық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттің есебінен және заңнамалық актілермен тым салынбаған өзге де қаражат көздерінен қаржыландыру көрсетілген. Алайда өткен жылдар тәжірибесіне зер салсақ жергілікті бюджеттен қаржы бөліну былай тұрсын "Қазақ тілі" бөлімшелері кейбір әкімдер тарапынан зәбір көргенге ұқсайды. Осы мәселелердің бәрі қоғамның биылғы жылы өтетін құрылтайында талқыланып, өз шешімін табар деген үміттеміз.

**М.Әбдірахманов,  
облыстық "Қазақ тілі"  
қоғамының төрағасы**